

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

**Жаңа технологияларды пайдалана отырып өндірістік сабақта сапалы білім беруді дамыту**ЖАРИЯЛАНДЫ  
25.11.2017СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/21174/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

***Карабалаева Эльвира Мирамбековна*****ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП  
ӨНДІРІСТІК САБАҚТА САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ**

Тәуелсіз еліміздің саналы да, сапалы, білімді ұрпағын тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күннің өзекті тақырыбы. Бұл мәселенің шешімін табуда үздіксіз білім беру жүйесі айтарлықтай дәрежеде қайта қаралып, оны жетілдіру жолдары іздестірілуде. Бұл алға қойылып отырған негізгі талаптар – Қазақстан білім беру жүйесінің бүкіләлемдік білім беру кеңестігіне толық енудің алғашқы даму стратегиясын жасау болып табылады.

Әлемдік оқу үрдісінің өзегі — жаңа технологиялар екені мәлім. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді оқытушы ізденісі арқылы студент қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп қолданады.

Қоғамдағы өзгерістерге сәйкес студенттерге бүгінгі таңда білім беру үшін, олардың танымдық қасиетін дамыту негізгі мақсат.

Әлемдік білім беру кеңістігінде жеке тұлға мен қоғамның қажеттілігін қанағаттандыратын көп деңгейлі үздіксіз білім беру қажеттілігі керек.

Қазіргі білім беру концепциясының басты мақсаты: Өзінің және қоғамның мүддесіне өзін — өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

Қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын ғана емес, шынайы өмірге белсене қатысып, оны жақсартуға ықылас етіп белсенді, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары, ой-өрісі кең, кәсіби деңгейі жоғары, сауатты, құзыретті, танымдық әрекетке қызығушылығы мол студент тәрбиелеу.

Өндірістік сабақта жаңа технологияларды тиімді пайдалану, білім алушыларға заманауи техникалармен жұмыс жасау әдістерін меңгерту, бәсекеге қабілетті білікті маман даярлау.

XXI ғасырда оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Ол үшін кәсіптік шеберлігін көтеруде әрбір оқытушы өз пәнінің аясында қалып қоймай, қандайда бір дәрежеде шығармашылық пен еңбек етуі және мұны саналы түрде сезінуі тиіс. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Жаңа технологиялар білім берудің сапасын жақсартады, сонымен қатар, білім беру қызметі нарығында білім беретін оқу орнының бәсекеге қабілеттілігін арттырып, қамтамасыз етеді.

Заман ағымына қарай өндірістік оқыту шебері жаңа технологияларды қолдану керек:

- Дәстүрлі (оқулық, көрнекілік құралдар);
- Комьютерлік (презентация, электрондық оқулық, мультимедиялық құралдар, интерактивті тақта);
- Интернет – технология (дербесақпараттық көзіретінде жиі пайдаланамын.)

Практика жүзінде бірнеше оқыту технологиялары қолданылады. Олар – модульдік технология, рейтингтік жүйе, дамыта оқыту технологиясы, және сын тұрғысынан оқыту. Бұл технология әдістері студенттердің шығармашылық қабілеттерін арттырып, өз бетімен жұмыс істеуіне, жүйелі білім алуына жол ашады. Модульдік оқыту технологиясы студенттерді өздігінше тапсырманы орындап, мәселені шешіп, өз пікірін қорғай білуіне, алға қойған мақсатқа жету үшін белсенділігін, қабілетін арттыруға септігін тигізеді. Бұл технологияда студент жеке-жеке тараулар бойынша емес, біртұтастақырып түрінде жүйеленген білім алады. Модульдік оқытудың мақсаты — студенттің өздігінше жұмыс істей алуында оқыту, оқу материалын оңдеудің жекеленген әдістері арқылы жұмыс жасауға үйрету. Модульдік оқыту технологиясы енді оқытудың әртүрлі белсенді формаларын – топтық және жеке топтық формаларын қолдануға мүмкіндік береді. Өндірістік оқыту сабағына оқу кестесі бойынша топтық және жеке топқа бөліп оқытамын.

Өндірісті қоқытуса бағыносылай жүргізу – алғашқы еңбек дағдыларын қалыптастыруда жауапкершілікке, ұқыптылық қатәриелеуде және мамандықтың қыр-сырын меңгеруде тиімді нәтиже береді.

Ақпараттық және жаңа оқыту технологиясының тиімділігі тек қана оқытушының кәсіби біліктілігіне, қабылданған формалар мен әдістерге ғана емес, сонымен бірге оқыту құралдарына да байланысты. Оқыту технологиясының ажырамас бөлігі – оқу үрдісін әдістемелік жағынан қамтамасыз ететіні оқыту құралдары болып табылады. Осыған орай өз білімді тереңдетіп, іскерлік шеберлігімді арттыру үшін, студенттерге әрбір сабақты сапалы әрі саналы меңгерту үшін, олармен шығармашылық жұмыс жүргізіп, пәнге деген белсенділігі мен қызығушылығын ояту үшін ақпараттық және жаңа оқыту технологиясының тиімді әдістерін күнделікті сабақтарында пайдаланамын. Сабақтың сапалы берілуі үшін зертхана қазіргі талаптарға сай дидактикалық материалдар мен техникалық оқыту құралдарымен жабдықталған. Зертханада әрбір тақырыптарға арналған көрнекі материалдар мен мамандықтар бойынша мағлұмат беретін толық нұсқаулар мен кәсіби сипаттама жазылған стендтер бар.

Тақырыпты ашатын құрал — жабдықтардың қызметі мен қолданылу үлгісі көрсетілген стендтер ілінген.

Нұсқаулық – технологиялық карталар оқу үрдісінде студенттерге өндірістік жұмыстың сапалы орындалуы мен тездігі үшін, оқу құжаттарының мәнін түсінуге, техникалық ойлау қабілетін дамытуға, кәсіби шеберлігін көтеруге көмектеседі. Студенттер оқу үрдісінде осындай карталарды өздері құрастырады.

Нұсқаулық – технологиялық карталарды дайындау кезінде берілген тапсырманы орындау үшін шикізаттар мен толық танысып, кесетін және өлшейтін құралдар мен толық танысады. Оқу бағдарламасының барлық тақырыптарына байланысты жеткілікті мөлшерде плакаттар мен проектор арқылы көрсететін түрлі — түсті слайдтар бар. Сонымен қатар зертханада техника және еңбек қауіпсіздік ережелерін сақтау плакаттары бар стенд ілінген.

Бұның барлығы студенттердің өзіндік шығармашылық, танымдық әрекеттерін, белсенділігін, сабақтың сапасын арттыруға көмектеседі. Әрбір сабақтың басында кіріспен нұсқау беремін, онда орындалатын жұмыстың мақсаты мен мазмұнын түсіндіріп, жұмысты орындау реті және негізгі ережелер мен таныстырамын. Нұсқау беру кезінде жұмыс орнында өзін қалай ұстау, жұмыс орнын ұйымдастыру, жабдықтау керектігін айтып, студенттерге құрал – жабдықтарды қалай қолдану туралы қауіпсіздік техникасы және техника мен

еңбекқауіпсіздігінережелеріненнұсқауберемін.

Жаңасабақтытүсіндірукезіндетақырыптар мен слайдтардыпайдаланып, өндірістікжұмыстыңорындалуреті мен еңбекәдістерінкөрсетемінжәнетақырыптыпысықтаукезіндекарталықтапсырмалар, тест сұрақтарынқолданамын.

Соныменқатарөзжұмысымдакейбіртақыптардыөткізукезіндежаңаақпараттықтехнологияныкомпьютерді, мультимедиялықпроекторларды, яғниоқытудың жаңа технологиялық әдістерінқолдану – студенттердіңтанымдықбелсенділігінарттыруғақөмектеседі.

Зертханадаөндірістікоқытудыжоғарыдәрежедеұйымдастыру – студенттергемамандығыбойыншажақсыкәсібидағдынықалыптастырумүмкіндігінбереді. Өндірісорындарынастуденттерөндірістікпрактикаданөтуішінжұмысмөлшерінорындауды, шығармашылықпенізденіпжұмысістеуді, құрал – жабдықтардықалайпайдаланужәнежұмысорнынқалайұйымдастырукеректігін, техника қауіпсіздікережелерінжәнееңбекдағдылары мен әдістерінбіліпбарады. Өндірістікоқытусабағындастуденттердіңалдынақоятынбастымақсатым:

- алғашқы еңбек дағдыларына икемделу, тәртіпті сақтау;
- ұқыптылық, жинақтылық, зейіннің тұрақтылығы, еңбек ету қабілетінің жоғарылығы;
- ақыл – ой, логикалық ойлаудың тездігі, кез – келген жағдайды талдап, салыстыра білуі;
- кәсіпке деген қызығушылығын арттырып, тынымсыз еңбек етуін үйрету.

Осының барлығы жалықпай, үздіксіз ізденіп, жұмыс жасаудың нәтижесінде жүзеге асырылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Жаңа технология негізі – сапалы білім» – //Қазақстан мектебі, №4, 2008
2. «Инновациялық технологияның құрылымы» – А.Өркен, 2007
3. «Кәсіптік мектеп» журналы №2, 2012 жыл
4. «Қазақстан кәсіпкері» журналы №2, 2012 жыл